**БЕКІТЕМІН:**
**Мектеп директоры:**
**Б.Ж.Жумагулова**
_______________

**«Б.Сейсекенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»**
**КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ІШКІ ТӘРТІП**

**ЕРЕЖЕСІ**

**Мектепте оқу үрдісінің ұйымдастыру тәртібі**

1. Мектеп сабақтары мектеп директоры бекіткен кестеге сәйкес жүргізіледі.
2. Сабақ ұзақтығы **45 минут.**
3. **Сабақ I ауысым және II ауысымда жүргізіледі.**
4. Қоңырау ұзақтығы санитарлық нормаға сәйкес мектеп директоры бұйрығымен анықталады.
5. Қоңырау бойынша оқушылар сабаққа кіріп, дайындалады.
6. Мектепте сабақтар I – ауысым **$8^{00}$,** II – ауысым **$14^{00}$** басталады.
7. 1 сынып оқушылары үшін **ҚЫРКҮЙЕК** айында сабақ **$09^{00}$** – да басталады
8. Қоңырау уақыты **5 минут.**

**Мектептегі оқушылардың сабақтарға қатысуы және сыртқы келбетке қойылған талаптар**

1. Оқушы жолдан абайлап өтіп, жол жүру ережелерін ұстануы қажет.
2. Қоғамдық көлікте оқушы тәртіп ережелерін және тиісінше қауіпсіздік шарасын сақтауы қажет.
3. Оқушы мектепке мектеп формасын сақтауға немес тек классикалық үлгідегі киім киюге міндетті.

3.1. Ер балаларға – (1-11 сыныптың ер балалары үшін) пиджак, жилет, шалбар, галстук қара немесе көк түсті, ақ жейде. Ұлдарға арналған еркін тігілген шалбар, ұзындығы тобықты жауып тұратын.

3.2. 1-11сыныптың қыз балалар үшін ақ кофта, қара және көк юбка, ұзындығы тізеден төмен, шаштарына бантик тағу міндетті. Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық сабағына міндетті түрде арнайы киім киюі тиіс;

4. Оқушы мектепке сабақ басталуына 15-20 минут қалғанда келіп, таза әрі ұқыпты киінуі тиіс.
5. Сыртқы киімді оқушылар гардеробта шешеді.
6. Сыртқы киімнің қалталарында ақша, кілттер, жол жүру билеттері, басқа да құнды заттардың болуына тыйым салынған.
7. Оқушы мектепте ұқыпты және боялмаған шаш үлгісін ұстанып, өзімен таза қол орамалы болуы шарт.
8. Оқушы жеке гигиенаны сақтауы қажет. Оқушы сырт келбеті жайында гардеробтан шыққан кезде кезекші мұғалім немесе әкімші бағалап, нағыз ережелерге сәйкес талаптар қояды.
9. Сабақтан қалып қойған оқушыларды кезекші әкімшілігі немесе мұғалім тіркеп, ата – анаға хабар беріледі. Қалып қойған оқушылар тек кезекші әкімшлігінің рұқсатымен ғана сабаққа кіре алады.
10. Жүйелі түрде сабақтан қалатын оқушылар мектеп әкімшілігіне түсіндірме жұмыстары үшін шақырылады

11. Оқушылардың оқу кезінде мектептен шығуы тек сынып жетекшінің немесе кезекші әкімшінің жазба рұқсатымен жүзеге асырылады.

12. Бөтен тұлғалардың мектепте болуы тек мектеп күзетші мен кезекші әкімшінің рұқсатымен ғана бола алады.

13. Сыныптан тыс шаралар жоспарланбаса, сабақтар аяқталған кезде оқушылар 20 минут ішінде мектеп ғимаратынан шығуы тиіс.

14. Оқушы сабақтан қалса, сынып жетекшіге медициналық анықтама немесе ата-анасының түсініктемесін тапсыруы қажет.

15. Оқушы себепсіз 3 күн сабақта болмаса, онда ол тек мектеп директоры атына ата-анасының жазба түсініктемесі негізінде ғана сабаққа келе алады.

16. Егер де мұғаліммен басқа келісімі болмаса оқушы босатқан сабақтарды барлығын бір аптаның ішінде өздігінен меңгеруіне жауапты.

17. Оқушы сабақты босатса да мұғалімге босатқан сабағының есебін тапсырады және үй жұмысын орындайды.

18. Оқушыны сабақтан босату үшін ата-ананың бірі мектеп директоры атына (3 күннен кем емес) өтініш білдіруі қажет. Осы кезде сабақтан қалған уақытты компенсациялау қажет, ол не өздік жұмысын жасап, не болмаса мұғалімменқалған уақыттан бұрын немесе одан кейін қосымша сабаққа баруы тиіс. Босатқан сабақтар үшін оқушы тиісінше бақылау жұмыстарын орындайды.

## Оқушылардың сабақтағы тәртібі

1. Оқушылар міндетті түрде сабаққа үй тапсырмасын орындап алып келеді.
2. Мұғалім сыныпқа кірген уақытта оқушылар тұрып амандасады.
3. Мұғалім оқушыны жауап беруге шақырған кезде, ол тақта алдына шығып немесе орнында тұрып жауап беруі тиіс
4. Оқушы жауап берген кезде қатты дауысын шығарып, түсінікті, асықпай, өз ойын дұрыс жеткізуіне тырысуы қажет.
5. Сабақ кезінде көшіру және сыбырлап айтуға болмайды, ол оқу материалын дұрыс меңгеруіне бөгет болады.
6. Жауап беремін деген оқушылар қолын көтерулері міндетті. Басқа қылықтармен өзіне назар аудартуға болмайды.
7. Оқушылар мұғалімнің түсіндіргенін және жолдастарының жауаптарын мұқият тыңдап, шуламай, сөйлемей, басқа нәрселермен айналыспай, бөгет жасамаулары тиіс.
8. Сабақ барысын бұзған әрекет дөрекі тәртіп бұзушылыққа жатады. Оған кінәлілер мектеп әкімшілігі тарапынан тәртіптік жазаға ұшырайды.
9. Өз эректімен сабаққа бөгет жасайтын оқушыны мұғалім сәйкесінше жұмыс өткізу үшін кезекші әкімшіге жібереді. Мектеп әкімшілігіне міндетті түрде барулары тиіс.
10. Оқушылар мұғалім ескерту жасағанда уақытыда нәтиже шығару қажет.
11. Сабақтан өз еркімен кетуге тыйым салынған. Сыныптан шығуға тек қана мұғалім рұқсат бере алады, оның өзі сабақ басталғаннан кейін 20 минут өткен соң, бірақ қоңырауға бес минут қалғанда емес.
12. Оқушылар белгіленген кабинеттерде Еңбек қорғау ережелерін біліп, сақтаулары тиіс.
13. Өз денсаулығын сақтау мақсатында партадағы өзінің отырысына, бас еңкішіне назар аударуы тиіс.
14. Ауыздағы сағыз – дөрекі әдеттің белгісі, сабақ кезінде оны қолдануға болмайды.
15. Сабақ аяқталғаны туралы қоңырау мұғалім үшін арналған. Тек мұғалім ғана сабақтың аяқталуы жайында хабарлап, сыныптан кетуге рұқсат бере алады. Сыныптан кеткен кезде өзінен кейін оқу орнын ретіне келтіреді.

## Оқушылардың қоңыраудағы тәртібі

1. Кабинетті желдету үшін оқушылар үзіліс кезінде дәлізге шығулары тиіс.
2. Оқушылар мектептегі тәртіпті сақтау бойынша өз міндетін атқаратын кезекші мұғалімдерінің, мектеп бойынша кезекшілерінің және мектеп қызметкерлерінің талаптарына бағынуы тиіс (кезекшілік ережесін қарау).
3. Жарақатқа және мүлікті бұзуға әкелетін, сонымен қатар басқаларға демалуға бөгет жасайтын әрекеттер жасауға болмайды.
4. Оқушы үзіліс кезінде өз жұмыс орнын тазалап, сыныптан шығып кетуі тиіс.
5. Сынып бойынша кезекші мұғалімге келесі сабаққа кабинетті дайындайды.
6. Оқушыларға үзіліс кезінде мектеп қабырғасында жүгіруге болмайды; еденде және терезе алды тақтайына отыруға болмайды және дәліздің тек оң жақ бағытымен жүруі тиіс .

**Оқушылардың оқу құжаттары**

1. Әрбір оқушы сабақ кестесіне сәйкес сабаққа қажетті заттарды алып келуі тиіс

**Оқушыларға қойылған бағалар**

1. Мұғалім өткен бағдарлама материалдарымен қарастырылған оқу түрі жұмысына баға қойып, сол күні күнделікке қойылуы тиіс
2. Берілген пән үшін оқушының білімі баға критерийі бағдарламамен анықталады.
3. Белгіленген мерзімде орындалмаған жұмысты қанағаттандырылмаған» деп есептелуіне болады
4. Баға нәтижесін ата –ана күнделік порталы арқылы тексеріп көре алады.

**Оқушыларға тыйым салынады:**

1. Арақ-шарапты, темекіні, наркотикалық және токсикалық заттарды қолданып, әкелуге
2. Өртке әкелетін кез келген заттарды қолдануға
3. Қарым-қатынасты шешу үшін немесе бопсалау үшін дене күшін қолдануға, бір-бірін итеруге, заттарды лақтыруға, шулауға.
4. Өз өмірі мен денсаулығына және өзгелерге қауіпті әрекеттерді жасауға
5. Басқа оқушыларға және мектеп қызметкерлеріне әдепсіз, дөрекі сөздерді айтуға
6. Сабаққа қатысы жоқ нәрселерді әкелуге
7. Мектепке шемішке әкелуге
8. Мектепке сіріңке, оттық, тесетін және кесетін заттарды, газ баллондарын, мылтықты (соның ішінде газды, пневматикалық, имитациялық), ойын карталарын әкелуге
9. Өзіне, денсаулығы мен өміріне зиян келтіретіндей және мектеп мүлкіне зияны тиіп кететін әрекеттер жасауға.
10. Жиһаздар мен қабырғаға жазуға, мектеп жиһазын, кабинет жабдықтарын және басқа да мектеп мүлкін бүлдіруге болмайды.
11. Мектепке тиесілі кітаптар мен құралдарға жазуға, кітап бетін жыртуға.
12. Мектеп территориясында және мекемеде қоқыс тастауға болмайды,қоқысты тек қоқыс тастауға арналған жерге тастау қажет.
13. Сабақ кезінде ұялы телефондарды, плеерлер, электрондық ойындар және т.с.с. қолдануға.
14. Оқу сабақтары кезінде мектеп дәлізінде болуға
15. Ойынға арналмаған жерлерде жүгіруге.
16. Оқушылар жүрген жерде кептеліс жасауға.

17. Мектептен немесе сабақтан сұранбай кетуге.
18. Мұғалімнің рұқсатынсыз кабинеттерден кілтті алу, сыныптарда жабылып немесе жекелей аласып немесе күш колданатын ойындар ойнауға.

**Тәртіптік бұзушылықтар**

1. Тәртіптік бұзушылықтар деп мектепте оқушылар Тәртіп ережелерін бұзу әрекеті есептеледі.
2. Тәртіптің дөрекі бұзушылықтары деп ауыр жағдайға әкеліп соғатын нәтижесі есептеледі, олар:
   - оқушылардың, қызметкерлердің немесе мектепке келген адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келген жағдайда;
   - мектеп, оқушы, қызметкерлер және мектепке келген адамдардың мүлкіне зиян тигізген жағдайда;
   - оқу үрдісін үзген жағдайда, мектеп жұмысының білім мекемесі ретінде шырқын бұзған жағдайда.

**Ата- аналардың міндеттері:**

1.Ата- ана баласын сабаққа таза,мектеп формасымен жіберуі шарт. Ұлдар: ақ жейде, галустук (сұр, 9-11-сынып оқушыларына- қара) көк түсті шалбар, қыс мезгілінде көк түсті жеңсіз тоқыма жейде, жемпер. Қыздар: ақ бантик, ақ жейде, сұр түсті,тор көзді белдемше(бүрмелі,тізеден төмен), сұр галустук , ақ шұлық, қыс мезгілінде көк түсті жеңсіз тоқыма жейде,жемпер .

2.Ата- ана оқу- құрал жабдықтарымен түгел қамтамасыз етеді (оқулық, дәптер, қағаз, ручка, қалам, пән дәптерлері, спорт киімдері, еңбек пәніне арнайы киім, әскери киім, т.б.)

3.Балалардың оқулықтарын, дәптерін апта сайын тексеру, өз пікірлерін мұғалімдерге жеткізу.

4.Мектептің күн тәртібін мойындау және оны бұлжытпай орындау (үйірме сабақтарына,тазалық жұмыстарына, қосымша сабақтарға,шығармашылық сайыс, жарыстарға жіберу)

5. Мектеп сағаттары I ауысым- 13:50-тен соң, II ауысым $19^{50}$-ден соң баланың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығына жауапкершілік ата-анаға жүктеледі.

6. Тосын оқиғалар болған жағдайда, тәртіп бұзғанда баласына қарамағаны үшін ата-ана жауапты болып табылады.

7. Ата-ана баласына адамгершілік,имандылық, патриоттық т.б. рухани қасиеттерді үнемі сіңіре отырып,тәрбиелеу.

8.Ата-аналар жиналысына шартты түрде қатысу.

9.Балалар бүлдірген, сындырған мүліктерді қалпына келтіру.

10.Ата-ана мектептен тыс уақытта,демалыс кезінде,түнгі мезгілде,жексенбі күндері,сабақ күндері сабақтан бос уақытында баланың жауапкершілігін толық өз мойнына алады. (туған күн кештерін кафеде,үйде өткізуге,ойынханада (компьютерлік клубтарда) ойнауға,кафе,базарда жұмыс істеуге болмайды)

11. Мектепке сабақ үстінде әлеуметтік желілерге кіруге қатаң тыйым салынады.

12.Оқу процесіне кері әсері тигізетін байланыс құралы (смартфон, ұялы телефон, МР-3 плеер) және бағалы заттар алтын әшекейлер (сақина, алқа, сырға, сағат) әкелуге рұқсат бермеу. (Жоғалған жағдайда мектеп әкімшілігі жауап бермейді)

13. Тосын оқиғалар болған жағдайда, тәртіп бұзғанда баласына қарамағаны үшін жауапты болып табылады.

14. Оқушының мектепке кешікпей келуі мен себепсіз келмей қалу жауапкершілігі ата-анаға жүктеледі. Оқушы дәлелсіз, себепсіз екі тәулік сабаққа келмеген жағдайда ата-ана әкімшілік жауапқа тартылады.

**Педагогикалық және мектептің басқа да қызметкерлеріне тыйым салынады:**

1. Жұмыс кестесі мен сабақ кестесін өз қарауымен өзгертуге.
2. Сабақ ұзақтылығын және олардың арасындағы үзіліс қоңырауын қысқартып, ұзартып немесе сабақ болдырмауына.
3. Оқушыны сабақтан шығаруға.
4. Мектеп ұжымы мүшелерін және оқушыларды қорлауға.
5. Сабақтарда бөтен тұлғалардың қатысуына.
6. Сабақ кезінде әлдебір себептермен кабинеттен шығып кетуге.
7. Мектеп мекемесінде темекі тартуға.
8. Білім беру ұйымының жарғысында мектептің ғимараттары мен аумағында бөгде адамдардың жүруі;
9. Сырттан келген ата – ана немесе кез келген тұлға вахтершының рұқсатынсыз кіруге.

**Мектеп мұғалімдеріне қойылатын талаптар**

1. Мектепте де, мектептен тыс та моральдық норманы сақтап, тәртіп жағынан үлгі болу.
2. Жұмыста сынып жетекші болса да, болмаса да сабаққа 20 минут қалған кезде келу.
3. Ереже мен нұсқаулықтарға сәйкес қарастырылған қауіпсіздік техникасы бойынша, өндірістік тазалық сақтау және өртке қарсы қауіпсіздік талаптарын қатаң түрде сақтау, жарақаттанған кезде және басқа да жағдайлар жайында жедел түрде әкімшілікке хабарлау.
4. Вахтада оқу кабинетінің кілтін уақытында алып, сабақ аяқталғаннан кейін қайтарып беру.
5. Сабақты қоңыраумен бастап, қоңыраумен аяқтау, оқу уақытын дұрыс пайдалану.
6. Сабақ уақытында білім алушыларды мұғалімнің өзінің жеке жұмысына немесе басқа да бір себептермен (әжетханаға немесе асханаға) босатуға немесе сынып бөлмесінен шығаруға болмайды.
7. Бүкіл оқу жылына күнтізбелік-тақырыптық жоспар, онда өткізілетін күні мен сабағы көрсетілуі тиіс, оқу күні кестесі бойынша әрбір сабаққа, сонымен қоса арнайы курсқа және сынып сағаттарына күнделікті сабақ жоспары болуы тиіс
8. Мұғалімдерге және оқушыларға арналған жоспар бойынша барлық шараларға сабақ кестесіне қарамастан қатысу.
9. Мектеп директоры орынбасарларының тапсырмаларын нақты және мерзімінде орындау.
10. Мектеп директорының барлық бұйрықтарын орындау, бұйрықпен келіспеген жағдайда еңбек дауы бойынша комиссиясына арыз беру.
11. Ауырып қалған жағдайда мұғалім әкімшілікті оқу күні басталмай жатып ескерту, емделіп болғаннан кейін оқу күні аяқталмай, жұмысқа шығатын күннен бұрын ескерту, жұмысқа бірінші күні шыға сала, уақытша жұмысқа қабілетсіз екендігі жайында қағаз көрсету.
12. Сынып жетекші оқушыларды қарсы алу керек, оқу үрдісіне дайындықты өткізу (гардеробта кезекшілік ету, сабақ кестесінде өзгертулерді нақтылау, болмаған оқушыларды және олар не үшін болмағаны жайында анықтау).
13. Сынып жетекші тәрбие жұмысы жоспары мен кестеге сәйкес тәрбие іс-шарасын және сынып сағаттарын өткізу.
14. Тәрбие жұмысы жоспары бүкіл оқу жылына бір рет құрастырылады.
15. Сынып жетекші тәрбие жұмыс жоспарына сәйкес сыныптан тыс тәрбиелік жұмысты атқарады, сонымен қатар оқу жылында төрт рет сынып сағаттарын өткізеді.
16. Сабақ сайын электрондық журнал ЭОЖ-ны толтыру, оқушыларға баға қою
17. Мұғалім киім формасы мектеп жарғысында көрсетілген талаптарға сай болуы тиіс.
18. Жұмыс орнын, жиһазын, жабдықтар мен құралдарды таза әрі ұқыпты ұстау, мектеп мекемесінде тазалықты сақтау.
19. Мектеп мүлкін сақтау, материалдарды ұқыпты қолдану, электроэнергияны, жылу мен суды рационалды шығындау.